

# TOM / SPOT

## Болашақ валюталандыру күнімен жүргізілетін операциялар

**TOM** (ағылш. tomorrow — ертең) мәмілесі бойынша есеп айырысу күні мәміле жасалған күннен кейінгі келесі жұмыс күніне белгіленеді.

**SPOT** (T + 2) мәмілесі бойынша есеп айырысу күні мәміле жасалған күннен кейінгі екінші жұмыс күніне белгіленеді.

TOM SPOT мәмілесінің әдеттегі ақша айырбастаудан басты айырмашылығы мәміленің барлық сомасын жеткізу қажеттілігінің болмауында, сатып алу мен сату арасындағы қорытынды айырманы есептеу үшін соманың 25%-ы ғана жеткізіледі.

Бұл — кірістілігін арттырғысы келетін және тәуекелдерді басқаруға дайын адамдарға арналған құрал. Сондықтан да бұл құрал тәжірибелі немесе тәртіпке берік инвесторларға лайық.

# Енді мысал арқылы түсіндірейік:

Сіз \$20 000 сомасына ТОМ мәмілесін жасамақ болдыңыз делік. Ол үшін банк ережеге сәйкес, сіздің шотыңызда \$5 000 (мәміле сомасының 25%-ы) мөлшеріндегі кепілдік қамтамасыз ету сомасын уақытша бұғаттайды.

Сіздің болжамыңыз: Сіз қазір 530 теңге болып тұрған доллар бағамы ертең өседі деп болжап отырсыз. Осыдан пайда табу үшін сіз ертеңгі есеппен долларды бүгін «сатып алуға» шешім қабылдайсыз.

**1-қадам: Мәмілені ашу**

- Әрекет: Сіз \$20 000 сатып алуға ТОМ мәмілесін ашасыз.
- Ашу бағамы: Мәміле жасалған сәттегі доллар бағамы 530 теңгеге тең.
- Нәтиже: Сіздің өтініміңіз тіркелді, ал шотыңызда \$5 000 мөлшеріндегі кепілдік қамтамасыз ету сомасы бұғатталды.

| Баға сіз күткендей бағытта қозғалды (жоғары)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Баға сізге тиімсіз бағытта қозғалды (төмен)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p><b>2-қадам: Мәмілені келесі күні жабу</b></p> <p>Келесі күні болжамыңыз дәл келіп, доллар бағамы 534 теңгеге дейін өсті. Сіз пайдаңызды бекітуді шешесіз.</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Әрекет: Сағат 16:00-ге дейін «Қарсы мәмілемен жабу» батырмасын басасыз.</li><li>• Бағам айырмасын есептеу:</li><li>• Бағам айырмасы: 534 (жабу бағамы) - 530 (ашу бағамы) = әр доллардан +4 теңге.</li><li>• Сіздің кірісіңіз: 4 теңге × \$20 000 = 80 000 теңге.</li></ul> | <p><b>2-қадам: Мәмілені келесі күні жабу</b></p> <p>Келесі күні болжамыңыз орындалмай, доллар бағамы 528 теңгеге дейін төмендеді. Бұдан әрі шығынға ұшырамау үшін сіз мәмілені жабасыз.</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Әрекет: Сағат 16:00-ге дейін «Қарсы мәмілемен жабу» батырмасын басасыз.</li><li>• Бағам айырмасын есептеу:</li><li>• Бағам айырмасы: 528 (жабу бағамы) - 530 (ашу бағамы) = әр доллардан -2 теңге.</li><li>• Сіздің шығыныңыз: -2 теңге × \$20 000 = -40 000 теңге.</li></ul> |

**Мәмілені автоматты түрде жабу:**

Егер сіз ТОМ өтінімін жасап, келесі күні сағат 16:00-ге дейін «Қарсы мәмілемен жабу» батырмасын басу арқылы мәмілені жаппасаңыз, жүйе мәмілені жабу сәтінде тіркелген онлайн бағам бойынша мәмілені автоматты түрде жабады.

**Нәтиже:** \$5 000 мөлшеріндегі бұғатталған кепілдік қамтамасыз ету сомасы сіздің шотыңызға қайтарылады. Бұған қоса шотыңызға 80 000 теңге мөлшерінде кіріс есептеледі. Егер сіз жай ғана \$5 000 сатып алып, қайта сатқан болсаңыз, кірісіңіз бар болғаны 20 000 теңге болар еді.


**Нәтиже:** \$5 000 мөлшеріндегі бұғатталған кепілдік қамтамасыз ету сомасы шотыңызға 40 000 теңге шығын шегеріліп қайтарылады.

Егер сіз жай ғана \$5 000 сатып алып, қайта сатқан болсаңыз, шығыныңыз небәрі 10 000 теңге болар еді.

**ТОМ/SPOT сервисі сізге әдеттегі мәмілемен салыстырғанда  
4 есе көп табыс табуға мүмкіндік береді.**

# 1. Функционалға қол жеткізу


- ТОМ/SPOT функционалы FX-ақша айырбастау сервисінің басты экранында орналасқан.
- Бұл бөлім жергілікті уақыт бойынша сағат 10:30-дан 18:00-ге дейін жұмыс істейді.



## 2. Мәмілелерге қосылу

ТОМ/SPOT мәмілелеріне қол жеткізу үшін жаңа клиенттер келесі қадамдардан өтуі қажет:

- Онбордингтен өту: функционалдың қалай жұмыс істейтіні туралы ақпаратпен танысыңыз.
- Тестілеуден өту: тестілеуден сәтті өту сіздің қаржы сауатыңызды растайды.
- Білікті инвестор мәртебесіне қол қою және қабылдау немесе тәуекелдерді қабылдау туралы өтінішке қол қою.
- Банктің стандарт талаптарына қол қою: операция жүргізуге қатысты жалпы талаптармен танысып, келісім беріңіз



### 3. Мәміле жасау


Сәтті қосылғаннан кейін сіз TOM/SPOT мәмілелерін жасай аласыз. Мәміленің ең төменгі сомасы 10 000 АҚШ доллары екеніне назар аударыңыз

#### 1-қадам. Мәміле түрін таңдау

Басты беттің алғашқы экранында мәміле түрін таңдау опциялары бар: TOM немесе SPOT.

#### 2-қадам. Валюта жұбын таңдау

Осы экранда қалаған валюта жұбын таңдаңыз, мысалы, теңге/доллар.



## 4. Мәміле параметрлерін теңшеу

Келесі экранда мәмілеңіздің мәліметтерін көрсетіңіз:


**1 Мәміле тарабы:** Валютаны «Сатып алу» немесе «Сату» нұсқасын таңдаңыз.

**2 Шоттар:** Транзакция жүргізілетін және қаражат түсетін шоттарды таңдаңыз.

**3 Мәміле сомасы:** Қалаған мәміле сомасын енгізіңіз. Мәмілені жүзеге асыру үшін шотыңызда мәміле сомасының кемінде 25%-ы болуы қажет, бұл кепілдік қамтамасыз ету сомасы ретінде уақытша бұғатталады.


**4 Жүргізу тәртібін растау:** Ақша айырбастау/конверсия жүргізу тәртібімен танысқаныңызды растау үшін құсбелгіні қойыңыз.

**5 Өтінімді жіберу:** «Өтінімді жіберу» батырмасын басыңыз және операцияны **ОТР-кодпен** растаңыз.




## 5. Мәмілені қадағалау және жабу

**Белсенді өтінімдер:** жасалған барлық өтінімді «Белсенді» бөлімінде бақылауға болады.



## 6. Мәмілені жабу

- 1 Мәліметтерді көру үшін белсенді өтінімді басыңыз.
- 2 «Қарсы мәмілемен жабу» батырмасын басыңыз. Мәміле бойынша кірісіңізді немесе шығыныңызды көрсететін бағам айырмашылығын көресіз.
- 3 Мәмілені жасау және жабу үшін **бірреттік пароль (ОТР)** арқылы растау қажет. Ол үшін «Растау» батырмасын басып, мобильді телефон нөміріңізге келген парольді енгізіңіз.
- 4 Мәміле оны жасаған сәттен бастап орындалуы жоспарланған күнгі сағат **16:00-ге дейін** жабылуы мүмкін.
- 5 Мәміленің сәтті орындалуы үшін оны жоспарланған күні **сағат 16:00-ге дейін** өз бетіңізше жабуыңыз қажет.
- 6 Егер мәміле көрсетілген уақытқа дейін жабылмаса, Банк өтінімді сол сәттегі **онлайн бағам бойынша автоматты түрде жабады.**



## 7. Операциялар тарихы

Барлық аяқталған операцияңыздың тарихы «Аяқталғандар» бөлімінде сақталады.

Бұл онбординг TOM/SPOT функционалын тиімді пайдалануыңызға көмектеседі деп сенеміз. Сұрақтарыңыз болса, қолдау қызметіне хабарласуыңызды сұраймыз.

